


Келісілді:


Бақылау кеңесінің
төрағасы


Букуров М.А.
«31» Қазтар 2024 жыл

Бекітілді:

Абай облысы ДСБ "Жарма аудандық
ауруханасы" ШЖҚ КМК бас дәрігері




Исабеков Е.М.
«31» Қазтар 2024 жыл

**2024 жылға Абай облысы Денсаулық сақтау басқармасының
«Жарма аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорыны бойынша ақылы медициналық қызмет көрсету
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережеде, Қазақстан Республикасының ақылы медициналық қызметтер көрсету заңнамасына сәйкес Абай облысы ДСБ "Жарма аудандық ауруханасы" ШЖҚ КМК-да (бұдан әрі – Ұйым) ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы тәртібі мен шарттарын айқындайды.
2. Ақылы медициналық қызмет көрсетудің мақсаты халықтың әр түрлі медициналық көмектің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен артық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.
3. Медициналық қызмет көрсету «ҚР ДСМ Медициналық және Фармацевтикалық Бақылау Комитетінің Абай облысы Бойынша Департаменті» РММ-нің 10.10.2022 жылы берген № 22018661 Мемлекеттік лицензиясына сәйкес жүргізіледі.
4. Ақылы медициналық қызметтер көрсету келесі нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі:
 - «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;
 - «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысы;
 - «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы;
 - Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV Заңы.
 - «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы..
5. Ұйым тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККБК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМСЖ) ұсынылатын медициналық қызмет көрсетеді №1 қосымшаға сәйкес.
6. Ұйым ақылы медициналық қызметті №2 қосымшаға сәйкес көрсетеді.
7. Ақылы медициналық қызмет көрсететін медициналық қызметкерлердің біліктілігі туралы мәлімет №3 қосымшаға сәйкес.

8. Мамандардың қабылдау кестесі №4 қосымшаға сәйкес.
9. Ақылы медициналық қызмет көрсететін мамандардың еңбек ақысы келісім-шарт негізінде айқындылады.

2. Ақылы медициналық қызмет көрсетудің тәртібі және шарттары

10. Ақылы медициналық қызмет көрсету келесі жағдайларда көрсетіледі:
 - 1) пациенттердің қалауы бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету, диагностикалық және емдік қызметтер көрсету кезінде, сондай-ақ, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамасынсыз;
 - 2) пациенттердің қалауы бойынша профилактикалық қызмет көрсету кезінде,
 - 3) дәрілік формулярға енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу кезінде;
 - 4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кірмейтін медициналық зерттеулер жүргізу кезінде;
 - 5) тиісті жолдамасыз шипажайлық емдеу кезінде;
 - 6) жұмысқа кіру және оқуға түсу үшін азаматтарды медициналық зерттеп-қарау кезінде;
 - 7) кәсіпорындармен келісім – шарт негізінде медициналық қызмет көрсету, оның ішінде ерікті сақтандыру бойынша: қосымша сервистік қызметтер ұсыну кезінде.
11. Ұйым медициналық қызмет, оның ішінде ақылы қызметті бекітілген ішкі тәртібіне, жұмыс тәртібіне, мамандардың қабылдау кестесіне сәйкес жүргізеді.
12. Бюджет қаражатынан сатып алынған медициналық жабдықтар, ақылы медициналық қызмет көрсету кезінде кестеге сәйкес (4-қосымша) қолданылады.
13. Ұйым медициналық қызмет, оның ішінде ақылы қызметті диагностика мен емдеу стандарттарына(хаттамаларына) сәйкес, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, ал олар болмаған кезде медициналық көрсеткіштер бойынша көпшілік мақұлдаған тәсілдерге сәйкес.
14. Ұйым, сондай-ақ, тікелей қызмет көрсететін мамандар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады:
 - сапасыз медициналық қызмет көрсеткені үшін;
 - келісім-шарттың тәртібін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін,
 - науқастың өміріне немесе денсаулығына зиян келтірген жағдайда;
 - көрсетілген қызметтер үшін артық төлемақы өндіріп алған кезде;
 - ТМККБК шеңберінде көрсетілетін қызметке төлемақы алғаны үшін;
 - кіріс алу мақсатында диагностикалық және емдік манипуляцияларды негізсіз тағайындау фактісі болған кезде, медициналық қызметтердің сапасын бақылау органы тексеру жүргізу барысында анықталса;

3. Емделушінің құқығы мен міндеттері.

15. Емделуші құқылы:
 - медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкерлерінің мамандығы туралы ақпарат алуға;
 - ақылы бөлімде жұмыс атқаратындар арасынан дәрігер тағайындауға;
 - емдеу жүргізетін дәрігерден және бөлімшенің меңгерушісінен денсаулығы туралы, қолданылатын ем, тағайындалған ем және диагностика мөлшері туралы ақпарат алуға;
 - белгіленген тәртіпте аккредиттеленген тәуелсіз медициналық сараптамашыларға, медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау жүргізу бойынша ұйымға, денсаулық сақтау басқармасына үндеу жасап дәрігерлік тағайындаулардың негізденгені және қолданған емнің сапасына сараптама жүргізуге;

- көрсетілген медициналық қызметтің шығысы туралы ақпарат алуға;
- осы ережеде көзделген жеңілдіктер алуға.

16. Емделуші міндетті:

- ұйымның ішкі тәртібін және жұмыс режимін сақтауға;
- медициналық тағайындауларды қолдануға;
- айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурушандықтың барысында белгілі ақпарат ұсынуға;
- келісім-шарттың тәртібін сақтауға;
- көрсетілген қызметтің төлемақысын уақытылы төлеуге.

4. Жекелеген санаттағы азаматтарға берілетін жеңілдіктер туралы мәлімет.

17. Ұлы Отан соғысына қатысушылар және мүгедектер мен оларға теңестірілгендер, 1 және 2 топ мүгедектері, жиырма тоғыз жасқа жетпеген жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, кәмелет жасына дейін ата-анасынан айырылғандар, ЧАЭС ликвидаторлары, интернационалист жауынгерлер, көп балалы аналар тегін қаралады.

18. Ұйым сондай-ақ жеңілдіктер ұсынады:

- Абай облысы ДСБ «Жарма АА» ШЖҚ КМК-ның қызметкерлеріне – 100% жеңілдік;
- кезектен тыс қызмет көрсету: ҰОС ардагерлері мен мүгедектеріне, жүкті әйелдерге, көп балалы аналарға, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға.
- жеке тұлғалар медициналық тексеруден өткен кезде және стоматологтың консультациясын алған кезде қызметтер құнына (мамандардың консультациялары) 0,5 түзету коэффициенті қолданылады, заңды тұлғалар үшін қызметтер құнына (мамандардың консультациялары) 0,5 түзету коэффициенті қолданылмайды.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның бәсекелестік ортада қалыпты және ұзақ мерзімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін кәсіпорында баға белгілеу процесі өзгеріссіз қалмайды. Кез келген кезеңде белгілі бір факторлардың күшті әсерінен бағаның төмендеуіне қарай түзетілуі мүмкін екенін ескеру қажет.

5. Ақылы негізде көрсетілген медициналық қызмет үшін есеп айырысу тәртібі.

19. Ұйым нақтылы көрсетілген қызметі үшін емделушіге төлемақы шотын ұсынады.

20. Емделушімен есеп айыстыру жасалады:

- қолма-қол ақшамен ұйымның кассасына қаражатын төлеу жолымен, бұл ретте емделушіге міндетті түрде бақылау-кассалық чек беріледі;
- қолма-қол ақшасыз Абай облысы ДСБ «Жарма АА» ШЖҚ КМК-ның (ЖСК KZ436017261000000028, БСК HSBKKZKX, СТН 182300211539, «Халық Банк» АҚ) ағымдағы шотына аудару жолымен;

21. Емделушіге көрсетілген қызметтер үшін төлеген сомасы немесе төлеген соманың айырмасы және құны мынадай жағдайларда қайтарылады:

- көрсетілген қызметтің көлемі толық болмағанда (емделушінің көрсетілетін қызметтен бас тарту себебінде, кейбір процедуралар мен манипуляциялардың қарсы көрсетілімдер болған жағдайда, реактивтің болмау себебіне байланысты медициналық қызмет көрсетіле алмаса, медициналық құралдың бұзылуына байланысты, маманның болмауына байланысты және т.б.).

6. Ақылы негізде көрсетілген медициналық қызмет бойынша есеп және есептілікті жүргізу тәртібі

22. Ақылы қызмет көрсету бойынша медициналық құжаттамалар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандарына сәйкес келуі тиіс.

Ұйым, барлық қажетті есеп және есеп беру реквизиттерін көрсетіп, тіркеу журналдарының нысанын әзірлейді және бекітеді. Тіркеу журналын жүргізетін жауапты тұлғаларды тағайындайды.

23. Ұйым денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен есеп саясатына сәйкес, ақылы медициналық қызметтер бойынша бухгалтерлік есеп және есеп беру ТМҚКК және МӘМСЖ көрсету бойынша бөлек жүргізеді.

7. Ақылы медициналық қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі.

24. Ақылы медициналық қызмет көрсету арқылы түскен қаражатты жұмсау үшін кәсіпорын басшысының бекітуімен шығыстардың сметасын жасайды.

25. Ақылы қызмет көрсету негізде алынған қаражат сметаға сәйкес келесі тәртіппен жұмсалады:

- ақылы медициналық қызмет көрсетуге қатысатын қызметкерлердің еңбек ақысын төлеуге.

- салықтарды төлеуге және бюджетке басқада аударымдар жасауға;

- ауыр және зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге сүт сатып алуға;

- дәрі-дәрмектер мен шығынды материалдарды және медициналық мақсаттағы өзге де құралдар алуға;

- жанармай, канцелярия шығындарын, шаруашылық тауарлар және т.б.;

- ғимараттардың, құрал-жабдықтардың күтіп ұстауға және ағымды жөндеу жұмыстарына;

- іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығындарын төлеуге;

- негізгі құралдарды сатып алуға.

8. Ақылы негізде медициналық қызмет көрсету үшін басшының жауапкершілігі.

26. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражаттың мақсатқа сай пайдалануына және көрсетілетін қызметтің сапасына бірінші басшы жауапты болады.

Бас дәрігердің орынбасары:

Сейтханова С.Т.

Зандгер:

Тусупбаева С.К.

Экономист:

Кабдрахманов К.С.